

Құрылыс өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өнеркәсібіне қолдау көрсетудің секторлық бағдарламасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 04 желтоқсандағы N 1652

"Қазақстан бойынша донор-елдердің консультативтік тобының мәжілісін өткізудің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 мамырдағы N 608 қаулысымен бекітілген және "Құрылыс материалдардың өндірісі" секторлық бағдарламасының жүзеге асырылуын қарастыратын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік инвестициялық басымдықтар бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің дамуға ресми көмегі шеңберіндегі жеңілдікті кредитін тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Құрылыс өнеркәсібінің кәсіпорындарын жаңғырту үшін Германия Федеративтік Республикасының Қалпына келтіру жөніндегі кредиттік ведомствосы (KfW) берген 37 (отыз жеті) миллион неміс маркасы сомасындағы жеңілдікті ұзақ мерзімді кредиттің п а й д а л а н ы л у ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды, 3-6-тармақтар 2-5-тармақтар болып саналды - ҚР Үкіметінің 1997.04.08. N 503 қаулысымен. P970503_

2. Сақтандыру жарнасын, қызмет көрсетуші банктердің комиссиялық төлемдерін, барлық жолай шығындар мен проценттерін, сондай-ақ тартылатын кредитті төлеу түпкі займшылардың қаржысы есебінен жүргізілетіні назарға алынсын, олар Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне кредитті өтеу жөніндегі кепілдік міндеттемелер тапсыруы тиіс.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

< * >

түпкі займшылармен ішкі кредиттік келісім жасасын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кредитті өтеу жөнінде кері к е п і л д і к б е р с і н .

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.04.08. N 503 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 2-абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1997.08.22. N 1276 қаулысымен. P971276_

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының кепілдігін белгіленген тәртіппен берсін;
Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен Қазақстан

Республикасының кепілдігін қамтамасыз ету туралы келісім жасассын.

5. Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігімен бірлесіп конкурстық негізде жобаларды іріктеуді жүзеге асырсын, түпкі заемшыларды айқындасын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қатысуымен жобалардың жүзеге асырылуы мен тартылған несиелердің уақытында өтелуіне бақылау жасауды қамтамасыз етсін. <*><*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.04.08. N 503 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.08.22. N 1276 қаулысына сәйкес. P971276_

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК